8. Расширение членства. Как спортсмены, так и адепты МРО стремятся к увеличению количества своих членов, что может быть связано как с материальными, так и с моральными целями. Подтверждают это соответствующие пункты уставов, например, Церкви Евангельских Христиан Баптистов «Благодать»: «совместное исповедание и распространение Вероучения Евангельских Христиан Баптистов» [14]; Евангельской христианской церкви «Агапе»: «распространение христианского вероучения» [15]; областной специализированной детско-юношеской спортивной школы борьбы: «ведение работы по привлечению учащихся к систематическим занятиям физической культурой и спортом, оказание всесторонней помощи общеобразовательным школам в организации методической и спортивно-массовой работы по спорту» [16]. Эти пункты дают членам данных организаций право на распространение адептами своих учений среди населения и привлечение новых членов.

Обращает на себя внимание то, что и сами уставы спортивных и религиозных организаций имеют ряд схожих моментов. И спортивные и религиозные организации имеют похожую структуру, выступают за здоровый образ жизни, духовное воспитание молодежи, ведут работу по привлечению новых членов, занимаются «оказанием благотворительной помощи», «осуществлением издательской и просветительской деятельности», «содействуют духовно-нравственному преобразованию общества» и т.д.

Проведенный нами сравнительный анализ показывает, что в религиозных и спортивных организациях действительно много общего. Фактически, их отличает только цель. Человек, который состоит в спортивной организации, практически готов морально к вступлению в организацию религиозную. Его лишь нужно туда привлечь, привести. Там его ожидает знакомая атмосфера, антураж, отношение к лидеру, система табуирования и т.д. Именно этим и объясняется то, почему спортсмены продолжают «мигрировать» в религиозные организации, порой даже возглавляя их.

Бывает так, что профессиональные спортсмены приходят в религиозные объединения сами, потому что не достигли ощутимых результатов в спорте, возможно, не смогли заниматься спортом по состоянию здоровья, либо так сложились их жизненные обстоятельства или возникли определенные проблемы.

Если мы имеем дело с христианскими течениями, такими как адвентисты седьмого дня, мормоны, пятидесятники, пресвитериане, то их деятельность в плане физического развития человека в целом не противоречит государственной политике, т.к. они выступают за здоровый образ жизни, отказ от вредных привычек, традиционные семейные ценности и т.д. Попав в подобную общину, человек может усовершенствовать себя как физически, так и духовно.

Внимания же заслуживают псевдоспортивные организации. Особенность этих объединений в том, что они, являясь по сути оккультно-мистическими, содержат в себе ряд элементов характерных для спортивных секций. Такой симбиоз не случаен. В конце 1980-х – начале 90-х гг. предприимчивые тренеры соединили духовные поиски наших граждан, их тягу к неизведанному с желанием достигнуть мастерства в новомодных видах спорта. Гораздо позже, уже в наше время, многие из таких «тренеров» создали на стыке мистики и спорта авторские боевые системы. Чтобы привлекать и удерживать в таких секциях как можно больше людей, разработчики подобных структур не стесняются в создании целой мифологии, «научного» обоснования своих учений.

В случае, если тренером спортивной секции оказывается представитель салафитско-ваххабитского течения, то ученики почти гарантированно унаследуют взгляды своего «учителя». Систематическое «промывание мозгов», а также возможное финансовое стимулирование со стороны экстремистских организаций приводит к тому, что такие спортсмены становятся готовы к совершению террористических актов. Они являются «лакомым кусочком» для экстремистов. На выходе мы получаем готовых террористов, «спящую яичку», в любой момент способную совершить теракт по сигналу своих «хозяев». Такие объединения являются прямой угрозой национальной безопасности.

Исходя из всего вышесказанного, мы пришли к выводу, что люди, посещающие спортивные секции, являются потенциальной группой риска для попадания в псевдорелигиозные, деструктивные, экстремистско-террористические организации. Следовательно, государство должно осуществлять контроль за спортивными и религиозными организациями, который позволит пресекать попытки экстремистских лидеров вербовать спортивную молодёжь.

Литература:

1. Кретти Брайент Дж. Психология в современном спорте. Пер. с англ. Ханина Ю.Л. – М., ФиС, 1978. – 224 с.
2. Параносич В., Лазаревич Л. М., Владос, 2005. – 430 с.
3. Гончаров В.Д. Человек в мире спорта: (Социально-психологические аспекты) / В.Д. Гончаров. – М.: Физкультура и спорт, 1978. – 96 с.
4. Волков Н.Н., Топчий В.С. Моделирование личности и деятельности тренера и совершенствование высшего физкультурного образования. – с. 10.
5. Деркач А.А., Исаев А.А. Педагогическое мастерство тренера. М.: Физкультура и спорт, 1981. - 375 с.

6. Ильин Е.Л. психология физического воспитания: Учебник для институтов и факультетов физической культуры: 2-е изд., испр. и доп. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2000. – 486 с.
7. Коломейцев Ю.А. Взаимоотношения в спортивной команде. - М.: Физкультура и спорт, 1984. - 128 с., ил. – (Наука – спорту; Психология)
8. Саная М.В. Психологические особенности деятельности и личности тренера: Лекции для студентов. – М., РГАФК/РГАФК.ВООК, 1997. – 27 с.
9. Сучилин А.А. Изучение личностных качеств тренера // Вопросы оптимизации учебно-тренировочного процесса юных футболистов: Сб. науч. тр. – Волгоград, 1988. – с. 69-78.
10. Ханин Ю.Л. Психология общения в спорте. — М.: Физкультура и спорт, 1980. – 208 с.
11. Казьмина О.Е., Пучков П.И. Религиозные организации современного мира; Издательство МГУ - Москва, 2010. – 368 с.
12. Зайцев П.Л. Феноменология религии: учебное пособие: в 3 ч. / - Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2015. - 10 с.
13. URL: https://studbooks.net/600968/etika_i_estetika/ponyatie_korporativnoy_etiki (Дата обращения: 05.07.2019).
14. Устав церкви Евангельских Христиан Баптистов «Благодать», 2012 г.
15. Устав Евангельской христианской церкви «Агапе», 2012 г.
16. Устав областной специализированной детско-юношеской спортивной школы борьбы, 2018 г.

УДК 94 (534)

ОПЫТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПАМЯТНИКОВ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ В ТУРИСТСКИХ СФЕРАХ

Сулейменов Ж.С.
(*СКГУ им.М.Козыбаева*)

Историко-краеведческий туризм представляет собой туристическую привлекательность, которая определяется совокупностью факторов культуры истории. В современной интерпретации, культурный ландшафт имеет свойство универсальности, аутентичности и целостности как объект культурного и природного наследия [1]. Историко-краеведческий туризм существует вместе с другими факторами, которые играют очень важную роль в развитии индустрии туризма. Например, в Италии, в 1991 г. 36% всех туристических посещений в Средиземноморский бассейн приходилось на него. Основные туристические ресурсы Италии - горы, озера и культурные и исторические ценности, в первую очередь, привлекают иностранцев, а не местных туристов. Среди главных мотивов прибытия в страну 45% иностранных гостей отмечают её культурно-исторические ценности, 43% - климат, 27% - природу и около 30% - комбинацию всех предыдущих Великобритании также среди видов отдыха, предпочитаемых иностранными туристами, доминирует познавательный туризм. Знаменитые на весь мир древние города, музеи, достопримечательности и памятники культуры все те объекты, которые создают знакомый с детства образ классической, традиционной Британии - привлекают туристов со всего мира. Следует отметить, что в связи с преобладанием познавательного туризма посещение страны иностранными туристами происходит довольно равномерно в течение всего года с небольшим возрастанием потока в сезон отпусков в. Однако интерес к наследию и традициям постепенно снижается, уступая место новым достопримечательностям и развлечениям [2].

К примеру, американцы знают, как заставить даже далеких от истории людей посетить исторический памятник: надо дать туристу то, чего он жаждет больше всего, - развлечение. Если вместо скучной исторической лекции сделать костюмированное

шоу, то отбоя от посетителей не будет. Знаменитое изобретение американцев - тематические парки - с успехом применено и в сфере культурно-исторического туризма. Успехом пользуется, например, Джеймстаун, штат Виргиния - воссозданное поселение первых английских колонистов, где представлен не только форт, но и индейские деревни - все они населены специально нанятыми актерами, помогающими посетителям почувствовать себя в начале XVII в.

Один из факторов, стимулирующих развитие культурного туризма на современном этапе, обострение конкуренции между туристскими странами и регионами. Развитые в туристском отношении страны уже не могут увеличивать количество принимаемых ими туристов за счёт плотности и уровня комфорта туристской инфраструктуры. Здесь во многом уже достигнуты пределы возможного. Поэтому ставка делается не на рост мощности турпотоков, а на интенсивность туристских программ, и эффект достигается прежде всего за счёт культурных компонентов. Именно они позволяют существенно увеличить конкурентоспособность страны на международном туристском рынке.

Рассмотрим опыт соседних стран, таких как Кыргызстан и Монголия в развитии культурно-исторического туризма. При выборе стран рассматривались определенные критерии, такие как, относительные успехи в развитии въездного туризма и ремесленничества, близкое географическое положение и геополитические условия, сходные природные условия и уровень развития инфраструктуры а также родственная культура.

На туристскую тропу Кыргызстан вышел, имея богатейший природный и культурно-исторический потенциал. За полтора десятка лет независимости уже накоплен опыт работы на мировых туристских рынках. Кыргызстан работает, обучаясь на ходу, и движется в соответствии с тенденциями развития мирового рынка. Подтверждением сказанному, являются результаты маркетингового исследования, проведенного летом 2006 года. Свое мнение о гостеприимстве страны выразили туристы из более чем 40 стран дальнего зарубежья, 70 городов России, 15 городов Казахстана, 10 городов Узбекистана, а также внутренние туристы со всех регионов страны. По мнению туристов, произошло повышение уровня качества сервиса в местах основного проживания, в кафе и ресторанах. Спрос на туристские услуги Кыргызской Республики превзошли самые оптимистические прогнозы - отдохнули более миллиона человек, не считая внутренних туристов, при этом уровень цен был особенно «впечатляющим». Цены возросли в большей степени на рынке рекреационных услуг, сказались модернизация части номерного фонда, строительство новых отелей и пансионатов. Привлечение иностранных инвестиций и туристов стало важной стратегией развития туризма Кыргызстана. Это полностью оправдано тем фактом, что ежегодно количество отдыхающих иностранных туристов увеличивается на 15-30% [3].

Туристский потенциал Монголии значительно менее благоприятный, чем в Кыргызстане и Казахстане, их предложения менее разнообразны из-за более тяжелых климатических условий. Более того, нет почти никакого рынка развлекательного туризма. Несмотря на эти ограничения, Монголия за прошедшие 8 лет сумела установить международную репутацию в качестве пленительного туристского места назначения. Главные преимущества Монголии в качестве объекта посещения и предложения для любителей путешествий: поддерживают мифы и легенды о Чингисхане, Монголия располагается и является остановкой вдоль пути по популярной Транссибирской железной дороге в Пекин; историко – краеведческий туризм, основанный на Гер (Монгольская версия Юрты), пустыня Гоби. Монголия успешно конкурирует на рынке предоставления туристских услуг с Кыргызстаном на сегменте рынка «приключенческих турах». Кроме того, Монголия уже сумела приспособиться к

туристским группам среднего размера - в основном это путешественники старшего возраста из различных стран. И еще, Монголия уже начала продвигать мероприятия во внесезонный период - организация Ледового фестиваля, фестиваль верблюда зимой. Для развития туризма в Монголии есть видимая конструктивная атмосфера и решительная готовность совместно продвигать туризм среди Ассоциаций, на уровне частного сектора и правительственных структур.

В настоящее время в Монголии действует Ассоциация туризма Монголии, созданная в 1992 году. Главная проблема, которую призвана решить Ассоциация - улучшить услуги, активизировать международное сотрудничество и улучшить совместную деятельность в развитии туризма. Министерство ответственно за организацию продвижения национального туризма. Важно отметить особый профессиональный подход Министерства в производстве рекламных материалов. На международных ярмарках туризма Монголия впечатляет очень красивой концепцией стенда, привлекающей большое внимание общества [4].

Как правило, все туристические базы оборудуются комфортабельными 2-4 местными юртами, имеется ресторан (как правило, европейская и монгольская кухня), на территории лагеря располагается сувенирный киоск, с обязательным набором монгольских акварелей, открыток и разнообразных сувениров, обязательно есть туалет, душ, прачечная. Из развлечений: бильярд, пинг-понг, прогулки верхом на лошадях. Как правило, для ресторана возводится большая, вместительная юрта. Жерди каркаса украшаются монгольским орнаментом.

Территория всех туристических лагерей обычно огорожена. Для предотвращения почвы от разрушения проезд автомашин к юртам запрещен. Для автомашин имеется автостоянка у главного входа. Пешеходные дорожки между юртами часто выкладываются из природного камня (для предотвращения вытаптывания травы).

Как отмечалось выше, одним из главных преимуществ привлечения туристов являются легенды о Чингисхане. И вот в начале 21 столетия можно стать зрителем величественного зрелища - увидеть воочию знаменитую конницу Чингисхана. Данное шоу было создано в год 800-летия Чингисхана, но так понравилось туристам, что было принято решение о показе данного шоу ежегодно. Театрализованное шоу, устроенное военными, показывает, как в 13 веке монголы охотились и как вели войну

Развитие туризма предоставляет скотоводам, проживающим на этой земле на протяжении нескольких поколений новые возможности. Туристам предлагается насыщенная интересная культурная программа, для скотоводов это хорошая возможность увеличить свои доходы. С января по июль 2007 года Хулуьбуирский аймак автономного района Внутренняя Монголия посетили свыше 600 тыс. туристов из разных стран и регионов мира.

В настоящее время в город Хулуьбуир открыто свыше 10 туристических маршрутов. В этих путешествиях туристы могут лучше узнать историю и культуру Внутренней Монголии. Одна четвертая часть всех пустыней Китая находится во Внутренней Монголии. Раньше пустыня внушала страх, а сегодня она является одним из источников доходов индустрии туризма.

Практика использования памятников истории и культуры в туристической сфере соседними и зарубежными государствами должен стать примером для Казахстана в сфере развития историко-краеведческого туризма по всей республике и в отдельных взятых регионах.

Литература:

1. Каурова А.Д. Организация сферы туризма. Учебное пособие. Москва - Санкт-Петербург: Издательский дом Герда, 2004. 320 с.

2. Папирян Г.А. Международные экономические отношения: Маркетинг в туризме. М.: Финансы и статистика, 2000. 160 с.
3. Шайхутдинов Р. Куда ведет туристская тропа? // Материал подготовлен по результатам маркетингового исследования «Рынок туризма КР 2006 г.».
4. Цалокар В. Монголия: перспективы развития туризма. 2006. 58 с.

ӘОЖ 815.2

ТУҒАН ЖЕР АТАУЫ – ТҰНҒАН ТАРИХ

Таласпаева Ж.С., Балгарина Б.А.

(М.Қозыбаев ат.СҚМУ)

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс [1].

Әсіресе кең-байтақ, ұлан-ғайыр жеріміздегі миллиондаған жер-су атауларында халық тарихының ізі, халықтың дүниеге көзқарасы, тіршілік қаракеті, тұрмыс-күй, шаруашылық кәсіптерінің көріністері, әдеп-ғұрып, салт-сана, жөн-жобаның көрік бейнесі айқын зерделенген. «Қайда барсаң, Атамекен, көкейінде жатады екен», - деп ақындар жырлағандай әр адамның атамекен – алтын бесігі жаһандағы барша асылдан қымбат. Өйткені туған Жер – Ана тұнған қазына, ең байлық, таңғажайып тарих. Осы орайда халқымыздың абзал ұлы Ш.Уәлихановтың: «Көне түркі салт-сана, әдеп-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», - деген болса, Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - деп орынды да нақты суреттегені кімнің де болса есінде.[2, 3б.]

Жер-су, елдімекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамиды.Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып-білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер — «жердің тілі, жазылмаған кітап» қана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі.Олар өткен тарихымыздың мәдени ескерткіші ретінде ғана маңызды емес, бүгінгі таңда зор мән-мазмұнға ие. Өйткені ешбір қоғам өмірінде, тарих деңгейінде жер-су атауларының қатысуынсыз оқиға болған емес.Мәдениеті мен ғылыми кемелденген өркениетті халықтар көне тарихтың сыр-сипатын ашуға септігін тигізер құнды мұралардың ешбірін назардан тыс қалдырмай зерттеп, ғылым елегінен өткізіп отырады. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу сыры бар.[3, 16б.]

Ономастика – кең мағынасында(гректің «onomastikys» - атау беру) – тілі ғылымның меншікті есімдерді, олардың шығу тарихын, ұзақ уақыт тұрақты қолдану нәтижесінде түрленуін, дамуын, таралуын зерттейтін саласы. Ықшам мағынасында әртүрлі жағдайдағы меншікті есімдер, атаулар жүйесі.

Топонимика – гр. «*topos*» - жер, мекен және «*опута*» - «ат, атау» деген сөзінен шыққан географиялық атауларды, оның мән-мағынасын зерттейтін ономастиканың негізгі бөлігін білдіреді, топонимия – белгілі бір елдімекеннің (аудан, облыс, елдің т.б.) географиялық атауларының кешені деген сөз. Әрбір нысанның бейнелі топонимдік аталымдары сипаты бойынша төмендегідей негізгі түрлерге бөлінеді:

- гидроним – гректің «*hydor*» - «су» деген сөзі, яғни су нысандарының атауы;
- ороним – гректің «*oros*» - «тау» деген сөзі жер бетіндегі бедерінің кез-келген бірлігінің жалқы атауы, оның ішінде тау, төбе, шоқы, құз және т.б. атауы;
- ойконим – гректің «*oikos*» - «тұрғылықты мекен» дегенді білдіреді, кез-келген елдімекеннің жалқы атауы, оның ішінде қала типтегі атау – *астионим*, ауыл типтес елдімекен – *космоним* деп аталады;
- Ал, нысандардың көлемі бойынша топонимдердің мынадай екі деңгейі атап көрсетіледі:
 - макротопонимия – ірі табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандардың және саяси әкімшілік бірлестіктердің атауы;
 - микротопонимия – шағын географиялық нысандардың, әсіресе жергілікті ландшафтық (орман, тоғай, алаң т.б.) атауларын жекелей атау.[4, 327 б.]

Солтүстік өлкеде жер-су аттарының орынсыз өзгеруі, шамамен 230-250 жыл бұрын басталған болатын. Айталық, отарланған елдімекендердің қазақша атауларын орысшамен айырбастау туралы әскери губернатор Г.Меньшиковтың бұйрығы 1774 жылғы 1 қаңтардан орындала бастады.

Қоныс аударушылар қазақ жеріне аяқ басысымен, сол жерге өз тілінде ат қоятын. Сөйтіп, ежелгі *Ащыкөл, Тұщыкөлдер – Горькое, Пресное* болып шыға бастады.

Мысалы, қазіргі *Мамлют* ауданының орталығы *Мамлютка* қаласының атауы жөнінде мынадай мағлұматтар анықталды.

Ресей империясының 1822 жылғы «Сібір қазақтары жөніндегі» Жарғы бойынша Қазақстанның солтүстік өңіріндегі әкімшілік өзгерістердің заңды жалғасы ретінде 1824 жылы 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округі құрылды. Округ құрамына кіретін қазақтар алдымен «Ақ патшаға» адалдық анттын беруге тиіс болды. Ол үшін орыс әкімшілігінің өкілдері Көкшетауға өздерімен бірге бірнеше татар молласын ала келген. Олардың ішінде бұл өңірмен Абылай заманынан бұрыннан қарым-қатынасы бар, мал саудасымен айналысатын Усман Мәулітов деген молла да болған. Көкшетау дуанының аға султаны Ғұбайдолла Уәлиханұлы Усман молланы бала оқытуға шақырып, қоныс беруге уағдаласады. Сол Усман Мәулітов 1830 жылғы наурызда Рысай-Атығай болысының аумағына көшіп келеді. Оған Есіл өзенінің жағасында, Новоникольск рудутынан қырық шақырым жердегі «Тасыбек тоғайы» деген жерден үй салуға, Қарағаш деген жерден (*Кіндікті, Талдыкөл, Жалтыркөл маңайы*) пішен дайындауға жер кесіліп беріледі.

Алғашқы 4 жылда Мәулітовтер үш үй салып алады. Ірі қара өсіріп, кәсіппен айналыса бастайды. Усман мектебінде қазақтың елу баласы дәріс алады. Бұл елді мекеннің салынуына байланысты архив құжаттарында ел ағасы Шана (неемесе Шона), оның інілері Сүйік және Мәтен Онышевтар, Кәмәл Жұматай, Табылды Тасыбеков деген адамдардың есімдері аталады. Тасыбек тоғайының алты шақырым жерде Шаңырақ қарасу деген көл аты кездеседі.

Жылдар өтіп, бұл елді мекеннің аты Мәуліт, орысшасы *Мамлютка* болып өзгеріп кеткен.[3, 56 б.]

Жер-су атын өзгерту – жай әуесқойлық емес, сол маңайда бұрын ешқандай халық мекендемеген, демек иесіз жерге қазық қағуға болады деген жымсықы саясатпен әдейі жасалған шара екені мәлім. Сонымен қатар, қазақы атаулардың өзінің транскрипциясын өзгертіп, адам танымастай қалыпқа түсіргендікті де қосу керек. (Мысалы, *Шабакты – Чебачье, Тереңкөл – Торангул, Тоқыш – Токушино, Асан – Асаново* т.с.с.) [3, 56 б.]

Кеңестік дәуірде колхоздастыру, тың игеру науқандарына байланысты өңірдің байырғы елді мекендерінің атаулары аяусыз өзгертілгенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оған қоса қызыл империяның саясатына сай, идеология мүддесіне орай ешқандай мәні жоқ, даңғаза қазақша атаулар енгізілді. «Жаңа тұрмыс», «Алғабас», «Жаңа талап», «Жаңалық», «Орталық», «Бірлік», «Мәдениет» т.б. атаулар бұрынғы тарихи топонимиканы ел санасынан өшірді, басқасы жаппай орысша болып кетті. [3, 58 б.]

Артына өлмес жол мұра қалдырған Шал ақын, Сегіз Сері, Үкілі Ыбырай өскен өңір. Ақ қайынды, көгілдір көлді өлкенің жасампаз еңбек адамдарын Мағжан Жұмабаевтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Н.Шуховтың, Павел Васильевтің өз шығармаларының арқауы етті. Есіл өзені — облыстың ең басты су арнасы. Кеңес дәуірінде «Есіл» атауы «Ешим» болып бұрмаланып келді. Есіл өзені Сарыарқа жері, Қарағанды облысындағы Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Жалпы, ұзындығы 2450 шақырым, Қазақстандағы ұзындығы 1719 шақырым. Ресейдің Түмен, Омбы облыстарынан өтеді. 1950 жылдардың ортасында Есілде кеме жүзген. Есіл бойында Астана, Есіл, Қызылжар қалалары орналасқан. Есіл өзені бас қаланы қақ бөліп ағып жатыр. Өзен атауы көне түркі тілінде «көк» деген мағынаға ие. «Есіл» сөзі «ер, сөз, дерт» сөздерінің мағыналарын күшейтуге қолданады. Осыған байланысты «есіл дүние ысырап болды», «есіл ер-ай!» «саған қор болған есіл ат», «тыңдамасқа айтқан есіл сөз» деп айтылады. Мағынасы «айхай, әттең, дариға, қайран, шіркін» сөздеріне жақын болғаны тегін емес. Есіл өзенінің атауы қазақтың «есіліп, бұралып ағады» деген анықтамасына толық сай келеді.

Сабит Мұқановтың «Есіл бойында» әңгімесінде Есілдің тамылжыған тамаша табиғатты суреттелген, үйірер жеміс-жидегі, шалғыны, сағымы да көз алдымызға елестеп, көңілді жадыратады. Ал Есіл өзені тасуға бейім екені әңгіме ішіндегі ән сөздерінде айтылған:

Есілтасып барады жардан асып,
Қар жауды жаңбырмен араласып,
Ауылымның тұсында ақша шатыр,
Ашуланып кетті де біздің батыр.

Атақты Асан қайғы бабамыз желмая мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге байланысты сын-толғауын айтқан екен. Ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас. Сиярдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», - депті. Ал Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», - депті. Тіпті осы өңірді жаз жайлауына, қыс қыстауына айналдырған, әділдігімен үш жүзге аты жайылған Жабайұлы Тоқсан би: «Есілдің арғы бетіндегі Қарауыл төбеге жерлеңдер. Түбінде осы жер тоғыз жолдың торабына айналады. Сонда ұрпағым еске алар» деп, ұрпақтарына өсиет қалдырған екен.

Зарқын Тайшыбай білікті зерттеуші, елге танымал үлкен ғалым ономастика мәселелеріне арналған «Атамекен атаулары» еңбегінде жазған:

Облыстағы жер-су атауларының, қазіргі жайына көз салсақ, «Ново-жаңа» деп басталатын 39 топоним бар екен және олар түгелге жуық, елді мекендер, тек бір көл мен бір төбешіктің ғана «жаңа» екені байқалады. Осыған керісінше «старо-ескілердің» саны 15, бұлардың екеуі ғана қоныстар. Қалғаны көлдер, батпақтар, күрөзектер.

Бұл арада ұлттың талғамы, ұлттың ерекшеліктерге ғана тән сараптау және екшеу үрдісінен жаңылмайтын мінез байқаймыз. Яғни, топонимдерден халықтың тұрмысы, этномәдени тіршілік салты жаңылмай, көрініс тапқан.

Мысалы, *Шешемтүскен, Төлепбергентауған, Қарыққұдық, Қойсойған, Қояншықпас, Талдықыстау, Болысқыстаған, Атабайдың Қаратерегі, Сарқанның Орағашы, Құлтуманың шілігі* т.б. басқалармен шатастыруға болмайтындай, нағыз қазақы құдықтар, қыстаулар, теректер, шіліктер екенін қиналмай танимыз [3, 234 б.]

Біздің Петропавлда халық топонимикасы да ерекше тараған. Сонымен қатар ол қаланың кең аумағын да, шағын объектілерін де қамтиды: *Жұмысшы, Былғары зауыты, Заречный, Солтүстікшағын* аудандары. Жеке атаулар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, жүздеген жылдар жадында сақталады, бірақ аз өмір сүргендері де бар.

Ежелгі және солтүстік халық топонимі-қалада болған тайга аңшыларының факториясы. Ол XIX ғасырдың ортасынан 1934 жылға дейін болған. Мұнда аң терісін (ақ түлкі, бұлғын, тиін және т.б.), сондай-ақ тайгалық аңның терісін (аю, сілеусін, қасқыр, түлкі және т.б.) айырбастау және сату үшін келген ханты-мансиялық аңшыларды қабылдады. Сол факторияның іздері Булаев тас жолы бойында жыртылды және орман алқабының жасыл желектері жайқалып өсті. Мещанский – «мещанин» сөзінен, яғни «қала тұрғыны» дегенін білдіреді. XIX ғасырда Мещан орман қазіргі ЖЭО-2-ге жетті. Қазір мұнда шілік пен шоқ тоғайлар ғана қалды.

Жұмысшы кенті. Вокзалдың алдында, жол жүру жолдары мен қамыс батпақтарынан кейін Жұмысшы кентінің төрт қысқа көшелері орналасқан. Негізінен, онда темір жол торабының білікті кадрлары: паровоз жүргізушілері, кондукторлар, мамандар мен жұмысшылар қоныстанды. Соғыс жылдарында (1941-1945 жж.) елдің батыс аудандарынан көшірілген қоныс аударушылардың келуі есебінен жұмысшы кенті аса қарқынды өсіп, кеңейді. Бүгінгі күні Жұмысшы кенті 1936 жылмен салыстырғанда он есе өсті. Ұшқыш-ғарышкер, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры В.А. Шаталов сол ауданда туып, соғыс жылдары оқыды.

Есілдің сол жағалауы да зерттеуден тыс қалған жоқ. Мұнда екі поселкі: *Былғары зауыты және Заречный* орналасқан. Сол жағалаудағы алғашқы қоныстар-маусымдық жұмысшылары болды. Олар жергілікті кәсіпкерлерге жалданып, көлдердің және су құймалардың суық суында, жүн, ішектерді, қойлардың терісін және мал шаруашылығының басқа да өнімдерін жуумен айналысты. Артель жұмысшылары уақытша салған қораларда, жер үйлерде, шалаштарда көктемнен бастап күзге дейін тұрды. Ал кейбіреулері осы жерде тұрақты тұруға жайғасты. Мұнда бір мезгілде мал сою, сабын қайнататын жұмысшы адамдардың ондаған қоныстары пайда болады. 1834 жылы Зенков Былғары зауыты құрылысының басталуымен тұрақты тұрғын шағын аудан пайда болды.

Заречный да жартылай салынған жер үйлер мен қаланың лас, шеткері, қара түкпірлері негізінде пайда болды. Оны қылмыстық-арестандық элементтердің жер аударылып келіп қонысы деп атай бастады. XX ғ. 30-40 жылдарына дейін мұнда баспанасыз, құжатсыз, тақыр кедейлер тұрды. Кейіннен әскери команданың казармалары мен қамаудағыларды ұстау аймағы, офицерлік және басшы құрамның үйлері шағын ауданға айналды. Қаланың кейбір атауының тарихы ерекше.

Черемушки. Мәскеуден әкелінген термин. Соғыстан кейін бұрынғы елдің астанасында халықты тұрғын үй құрылысына тарту идеясы пайда болды. Мәскеуліктердің бұл идеясын көптеген қалалар қолдады. Петропавлда осындай халық құрылыстары пайда болды. Қазір олар қала тұрғындарына қызмет етеді, «хрущевкалар» деп аталады. Жергілікті «Черемушки» ауданы — Интернационал көшесінің бас жағында, № 2 орта мектептің маңында орналасқан.

«*Молодежный*» - құрылыс училищелерінің түлектерімен салынған өздері тұратын үйлердің тобы. Жамбыл көшесіндегі бұл үйлерде осы күнге дейін тұрғындар өмір сүруде.

Бензострой - бейресми атау. Ол қаланың шығыс бөлігіндегі темір жол бойындағы бірнеше көшелерді біріктіреді.

Солтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан астам көл бар, олардың алаңы 4800 шаршы километр. Облыс аумағының 3,9 пайызын алып жатыр.

Көлдердің атауларында түркі және славян гидронимдері басым. Көбіне оларда судың бір белгісі (Горькое, Солёное, Жаманкөл, Ақкөл, Қаракөл, Питное, Жалтыркөл, Қызышсор, Широкое) көрініс тапқан. Өсімдіктер мен жануарлардың атауымен аталған көлдер жиі кездеседі: *Текекөл, Камышиное, Рогозянка, Волчье, Собачье, Кобылье, Қоянды* көл.

Солтүстікқазақстандық көлдердің орташа аумағы бір шаршы километрге тең – мұндай су көздері 10 пайыздай. Аумақтары 750,3 шаршы километрден 29,8 шаршы километрге дейін бірте-бірте кеме беретін кейбір көлдердің тізімі: *Сілетітеңіз, Әлкен Қарой, Шағалалытеңіз, Теке, Кіші Қарой, Қалибек, Имантау, Алабота, Қақ, Әлкен Торангұл, Меңгесер, Шалқар, Становое*. Айдындардың тереңдігі әртүрлі. Мәселен, Шалқардың тереңдігі 15 метр. Жақсы Жалғызтау – 10,3 метр, Имантау – 10, Меңгесер – 0,8 метр, Көпшілігінің тереңдігі – 1,5-2,5 метр. Су көлемі айдынның аумағына, тереңдігіне және жыл мезгіліне байланысты. Осы көрсеткіш Шалқар көлінде орта есеппен 267,0 миллион текше метрді, Меңгесерде 16,4 миллион текше метрді құрайды.

Көлдер қамысқа, су өсімдіктеріне, шымтезек шөгінділеріне бай. *Жаманкөл, Меңгесер, Снежинка-Кривое* көлдерінде емдік лай бар.

Жер-су атаулары – халық қазынасы, өткен өмір айнасы. Халқымыздың «Өткенінді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» деген сөзі тегін айтылмаған.

Тұңғыш Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген «Туған жер» бағдарламасы арқылы шынайы патриотизмді қалыптастыру болып табылады. Елбасымыз қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен сұхбатында: «...Қазақта «Жеріңнің аты-еліңнің хаты» деген сөз бар. Халық жерге ат қою арқылы елінің тарихын да жазып отырған. Тәуелсіз мемлекеттің бір белгісі оның ұлттық нышандары десек, сол ұлттық нышандар елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың аттарынан да көрініп тұруға тиіс...», - деген сөзі көңілімізден шықпаны хақ.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 2017 жылы 12 сәуір.
2. Т. Жанұзақ Тарихи жер-су аттарының түптөркіні, Сөздік-словарь ЖШС Алматы, 2010, 354 б.
3. Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбай Атамекен атаулары, издательство Северный Казахстан, Петропавл қ., 2015, 338 б.
4. Қалиев Ғ. Тіл білімінің терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Сөздік-словарь, 2005. - 439 б.
5. Б. Дияров Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана, 2013, 19 б.
6. <https://el.kz/kz/news/archive/content-12129>
7. polis.mypiter.kz История Петропавловска

ӘОЖ 94(574)

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТАРАЗ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Ермекқызы А.

(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Рухани жаңғыру тек бүгінгі басталатын жұмыс емес. Бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқарылғанын Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты

бағдарламасында атап өтті. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртылғаны, 2013 жылғы «Халық тарих толқынында» бағдарламалары арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттелгенін атады. Енді іргелі жұмыстарды басталғалы отырғанын еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымызды ортаға салдық деп көрсетті. Күллі дүние жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде «Сана сезімімізбен дүниетанымымызға сіңіп қалған қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдер мен тереземізді теңеп, иық түйістіруіміз мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын ойға сіңіруіміз керек. Жаңғырудың ең басты шарты сол ұлттың кодын сақтай білу.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты республикалық жоба «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде іске асырылып жатыр. Бұл жобаның түп-төркіні – ескерткіштер мен көне ғимараттарды қалпына келтіріп қана қоймай, киелі мекендерді ұлт жадына біртұтас кешен ретінде қалыптастыру. Еліміздің жер-жерінен осы күнге дейін сақталып келе жатқан бірнеше мәдени ескерткіштерді кездестіруге болады. Егемендік алған соң, мәдени мұраларымыз бен тарихи ескерткіштерімізге көңіл бөлініп, оларды қайта жаңғыртты. Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауының болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін тарихи құндылықтардың мән мағынасын тереңірек білуге тәрбиелеу болып табылады.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы.

Тасын түртсе, тарихы көрінетін сонау 2000 жылдан астам тарихы бар, Тараз шаһарында ескерткіштер мен басқа да тарихи маңызы бар мекендер өте көп кездеседі. Еліміздегі тарихи маңызы бар, көпшіліктің назарын аударатын киелі жерлеріміздің терең зерттеліп, оларды халық назарына ұсыну болып табылады. Ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенімізді таныта білу.

Тараз қаласы – көне тарихи қала. Тараз қаласының ежелгі атауы тарихта көптеген атпен Талас, Тараз(Х-ХІІІ ғасыр), Яны-Тараз (ХІІІ ғасыр), Әулие-Ата (1856 жылы), Мирзоян (1936 жылы), Жамбыл (1938 жылы) атауларымен белгілі. Тараз Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық стратегиялық маңызы қала болғандықтан, қаланың тарихын осы аттармен байланысты ретіне қарастыруды жөн көрдік. Тарихи деректерде 630 жылы Сюань Цзанның жазбасында Тараз шаһары ірі сауда қатынасы ретінде сипатталады. VII-VIII ғасырларда Ұлы Жібек жолында орналасқан сауда және қолөнер орталығына айналған. Тараз қаласының тұрған жері жасыл желекті алқап болғаны жөнінде, сонымен қатар бұл аймақта Тараздан басқа ондаған қалашықтар, елді қоныстар, жеке үй қожалықтары, сарайлар болғандығы жөнінде жазылады. Қазіргі кезде олардың тек төбешікке айналған үйінділері ғана қалған.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жүргізіліп жатырған археологиялық жұмыстардың нәтижелері, қаланың мыңжылдық тарихы барын дәлелтейтін құнды жәдігерлермен толығуда. Археологтар VI-XII ғасырларға жататын шамамен 50 мыңдай артефактілер, оның ішінде мешіт, медресе, отқа табынушылардың мехрабы, зындан, тұрғын үйлердің іргетастарын ашқан. Көне Тараз дейтін себебімізде осы.

Тараз қаласы - рухани құндылықтарға бай орын! Х-ХІІ ғасырларда қала ішінде су құбырлары жүргізіліп, моншалар салынған. Тараз моншасы – Орта Азия мен Қазақстандағы ең алғашқы моншалардың бірі. Халық тарапынан ерекше құрметке ие мәдени мұра ескерткіштер мен кесенелер, халықтың жадында өшпес із қалдырған

тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындардың барлығы киелі орындар қатарына жатады. Тараз шаһары бірнеше кесенелердің ордасы болып табылады. Әрбірінің тарихы мен өзіндік ерекшеліктері бар. Бұлардың ішіндегі ең ірілері - Тектұрмас кесенесі, Қарахан, Айша бибі күмбезі, Бабаджа Хатун кесенелері. Қазіргі таңда бұл кесенелер киелі мекен болып табылады. Тараздың осы киелі жерлеріне көптеген адамдар келіп ата - баба рухына тағзым етеді. Сонымен қатар, туристерде келіп, ескерткіштердің тарихымен танысады.

Соның ішінен кейінгі уақытта зерттеле бастаған: Тектұрмас кесенесі – Тараз қаласының оңтүстік-шығыс шетінде, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан XIV ғасырдың сәулет ескерткіші. Бұл осы өңірдің діни ескерткіштерінің бірі болып табылады. Орыс тілінде аударғанда «Тектұрмас», «тау жай тұрмайды» деген мағына береді. Бұл кесене негізінде Сұлтан Махмұдханның жерленген орны болып саналады. Нұсқалардың бірі бойынша ол жергілікті әулие, басқасы бойынша – Қарахан әскерлерінің бас қолбасшысы болған. Алғашқы ескерткіштің сыртқы көрінісі туралы былай айтылады: астыңғы бөлігі төрт бұрышты, ал үстіңгі жағы күмбезді, күйген кірпіштен қаланып, есігі Тараз қаласына қаратылған. Бұл кесене бертінгі дейін бұзылмай тұрған. Тектұрмас кесенесі бірінші рет XIX ғасырдың екінші жартысында зерттеледі. Оның орнын тапқан шығыстанушы ғалым Василий Каллаур. Осыдан кейін, бұл көне ескерткішке зерттеушілердің назарын аударып, арнайы жұмыстар жүргізіле бастайды. XX ғасырдың 40 жылдары Г.Пацевич, ал 1949 жылы Л.Ремпель жетекшілік еткен Жамбыл облысының тарихи-өлкетану мұражайының арнайы экспедициясы, 80-шы жылдары Қ.Байбосыновтың жетекшілігімен тағы да Жамбыл мұражайының экспедициясы зерттеген болатын. Осы зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, кесененің тікбұрышты ауданы 300x200 м² болса, қалашықтың сол жағында орын тепкен цитадельдің көлемі – 70x70 м², ал биіктігі он метрге жетеқабыл. Айналасы түгелімен қоршалып, оның сыртынан арнайы ор қазылған. Осы жерден табылған құрылыс қалдықтары, қыш ыдыстардың сынықтары қалашықта VII-XIII ғасырлардың аралығында тіршілік болғанын дәлелдейді. Бұл ескерткішке алғаш залал келген уақыт, ол-қоқандықтардың шабуылы. Ал толық қиратылған кезі – XX ғасырдың 20-жылдары. Атеистердің дінге қарсы саясаты бойынша еш аяусыз діни ескерткішті құлатып, оның кірпіштерін қант зауытының құрылысына пайдаланылған. 2002 жылы Тараздың 2000-жылдығына орай Амангелді Момышевтің бастамасымен кесенені қалпына келтіру жұмыстары басталды. Осылай 2002 жылы жас сәулетші Нұрлыбек Бәкеевтің бастауымен, ортағасырлық стильмен жаңа үлгіде ескерткіш қайта бой көтерді. Кесенені салу барысы, сақталып қалған көне сурет бойынша жүзеге асырылды.

Кесене аумағындағы үңгір жөнінде нақты деректер бізге жетпеген. Бірақ ол жайында аңыздар көптеп кездеседі. Үңгірдің есігі жабылғанына 7-8 жыл болды. Ашық кезінде ол тек бір – ақ адам сиятындай ғана орын еді. Ал, аңыз бойынша ежелгі заманда ол үңгірдің кіреберісі өте кең болғаны көрінеді. Үңгірдің ішінде үш жүз аттылы сиятын алаң болғаны да айтылады. Бабаларымыз жаугершілік заманында қарттар мен сәбилерді, әйел балаларын осы үңгірде жасырып, аман алып қалып отырған деген болатын. Сонымен қатар үңгір ішінде бірнеше жол тораптары болғаны жайлы да ауыздан ауызға таратылған деректер кездеседі. Ондағы бір жол Талас өзенінің астымен өтіп, Қарахан кесенесінің маңынан шықса, ендігі бір бағыты Тараз қаласынан 40 шақырым жердегі Ақыртас сарай кешені маңайына тірелген. Ал, бір дәлізі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шаян елді мекеніндегі айдаһар үңгіріне, яғни Ақмешіт әулие деп аталатын үлкен тау үңгіріне тірелген болатын.

Баба кесенесі маңындағы құпиялар тылсым дүниелерге толы. Мұндағы үңгірге 1979 жылы 5-6 зерттеуші кіріп, тең жартысы сол жерде қайтыс болған екен. Кейінірек кейбір кісілерге үңгір ішінен түйенің боздағаны, сәбилердің жылаған дауыстары

естілетін болған. Дің саласындағы ғалымдарымыз да бұл құбылысты жоққа шығармады.

Кесененің ерекше «Тектұрмас» атауына байланысты бірнеше деректер кездеседі. Оның бірі филолог ғалым Ж.Дәдебаевтың айтуы бойынша, Тектұрмас атаның азан шақырып қойған аты Сұлтан Махмұт екен. Оны өз дәуірінде хан сарайындағы бек қызметіне ұсынғанда, бас тартқан. Бектіктен бас тартқан соң, халық оны Тектұрмас деп атап кетеді. Сұлтан Махмұт көп ұзамай дін жолға түсіп, әулие атанады. Өз заманында, ислам дінінің таралуына үлес қосқан. Бұл жердің киелі екенінің халықтың ағылуынан байқауға болады. Еліміздің түкпір-түкпірінен адамдар осы мазарыға келіп, шырақ жағып, құрбандық шалып, тілек тілейді. Тектұрмас әулиенің орналасқан жеріне орай келушілер де көп кездеседі. Себебі, бұл орын қаланың Көктөбесі секілді. Тараз қаласының әсем көрінісін тамашалауға таптырмайтын орын болып табылады. Бұл аталған қасиетті орынды тарихи кесене деп те, дұға етушілердің жиі келетін орны деп те санауға болады.

Тәуелсіздік жолы – күрес жолы. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы азаттық үшін, тіршілік үшін күресін қастерлеу міндетіміз. Абай ата айтқандай, мал табу жолына түсу керек. Мал өзінен-өзі табылмайды, жатқан тастың астынан су ақпайды. Болашақ ұрпақты жасампаздыққа үйрету парыз. Жасампаздық білім мен өнер арқылы болады. Қарастырылып отырған мақаланың мәні - еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жасампаз ел ретінде «Мәңгі ел» болудағы жасаған іргелі істері. Қазақстан «Рухани қазына – ұлтты рухани қайта жаңғырту негізінде» өз даму үрдісін әлемдік деңгейде жүргізеді.

Әдебиет:

1. Байпақов К., Қазақстанның ежелгі қалалары, - Алматы: Аруна 2007 ж.
2. Бернштам А., Памятники старины Таласской долины, Алмата 1941 ж.
3. Қаратаев М.Қ., Қазақ Совет Энциклопедиясы – Алматы 1977 ж.

УДК 1(091)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ильясова Г.С., Хайрушева К.С.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Елбасымызның «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында алты үлкен жоба аталды. Сол жобалардың бірі – «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» [1]. Бірақ бұл жобаның мақсаты 100 кітап аударып шығарудан әлдеқайда кең. Жаңа оқулықтар арқылы жалпы гуманитарлық білімнің мазмұны мен сапасы мүлде жаңа деңгейге шығуы тиіс.

Қазақстандық ғылыми орта, оқытушылар мен студенттер бұл жобаға өздерінің күнделікті өміріне, ертеңіне тікелей қатысы бар мүмкіндік деп қарауы керек. Бұл оқулықтар қазақ тіліндегі гуманитарлық біліммен бірге қазақ тілінің өзін де өрге тартатын бастама деп түсінеміз. Тіліміз халықаралық ғылыми лексикамен толығыады.

Аударылатын кітапқа қойылатын талаптар мен оларды іріктеу жүйесі жұмыс тобында ұзақ талқыланды. Таңдалатын кітап әлемдегі озық университеттің оқу бағдарламасында болуы шарт, ол оқулық кемінде үш басылым көруі тиіс, соңғы басылымы өткен үш жылда шығуы керек. Бұл талаптар оқулыққа деген сұраныстың жоғары екендігін, оның мазмұн тұрғысынан өзектілігін растайды.

Жаңа гуманитарлық білім дегенде Елбасы мақаласында гуманитарлық ғылымдардың жеті бағыты аталды. Ол философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих, филология, саясаттану және психология. Елбасымыз 3 мақалсында былай жазған: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз» [1, б. 2]. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы осы бағыттың алтауын қамтылып, жаңа оқулықтар оқу үдерісінде қолданылуда.

Өткен оқу жылы жаңа оқулықтардың тұсау кесер салты өткізілгеннен кейін гуманитарлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерде өзгерістер енгізілді. Оқу үдерісіне гуманитарлық бағыты бойынша аударылған кітаптар енгізіліп жатыр. Оның негізгі мақсаты жас ұрпақ жоғары ғылыми стандарттарға сәйкес, шет елдердегі жастармен бірге білім алуға тиіс. Алғашқы аударылған 18 сегіз кітабы АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Франция, Швейцария сияқты алдыңғы қатарлы елдердің ең үздік ғылыми еңбектерін қамтиды. Неліктен біздің Елбасымыз, үкіметіміз осы мәселее көп назар аударып жатыр? Себебі, ғылыми таным, халықаралық стандартқа сүйенген сапалы білім заманауи ұлттың бәсекеге қабілетті болуының негізгі шарттары болып табылады. Ал жаңа аударылып жатқан оқулықтар білімнің нағыз энциклопедиясы болып саналады.

Гуманитарлық ғылымдардың құрамында философия ғылымының орны ерекше. Философия тек қана онтологиялық, гносеологиялық мәселелерді көтеріп қоғамдағы азаматтық ұстаным, моралдық құндылық, ар-ождан негіздерін қалайды. Адамның өзіне, айналасына, елге деген көзқарасын қалыптастырады. Біз дүние жүзіндегі ғылым мен білімнің мазмұнына жол ашу арқылы ілгері дамыған қоғамдардағы осындай көзқарас және ұстаным қалыптастыру құралдарымен жақын танысуға мүмкіндік алдық. Елбасымыз айтқандай, мақсат – ол білімді айна-қатесіз көшіріп алып, соған илану емес. Біз әлемнің қалай ойлап, нені құнды, нені дұрыс, нені бұрыс деп білетінін ескере отырып, өз бағытымызды анықтауда қателеспей, өзіміздің қазақстандық жолымыздан жаңылмауымыз қажет. Сондықтан да рухани жаңғыру аясындағы өзге жобалар өз тарихымызға, өлкетануға, төл мәдениетке арқа сүйейді. Қазақ дүниетанымын қорғау сөзсіз қажет, бірақ ол тұйықталу дегенді білдірмейді.

Жоба аясында аударылған 18 оқулықтың ішіндегі философиялық 4 үздік туынды оқырмандар үшін қазақ тілінде жарық көрді. Олар: Д. Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дериддаға дейін», Э. Кеннидің «Антика философиясы» және «Орта ғасырлар философиясы», Р. Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы».

Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дериддаға дейін» атты еңбегіне философиялық ойдың даму тарихына айрықша үлес қосқан танымал 15 ойшылдың шығармашылығы топтастырылған [2]. Автор Батыс дәстүріндегі көрнекті философтардың негізгі еңбектері мен теорияларын оқырмандарға кезең-кезеңмен таныстыруды көздейді. Кітап тарауларында философтардың өмір сүрген дәуіріне шолу жасалып, сөз болатын шығармалардың негізгі идеяларын талдауға басымдық берілген. Сондай-ақ, жинақта философтардың өмір деректері мен басты еңбектерінің тізімі, сол дәуірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғалар, философиялық, әдеби және көркем туындылар да қамтылған. Әр шығармаға арналып оның түйінді идеясын білдіретін ықшам анықтама дайындалған. Тақырыптар

хронологиялық ретпен баяндалса да, материал кез келген тараудан бастап түсініп оқи беруге лайықталып, әрқайсысы жеке бітіммен құрастырылған.

Тақырыптар хронологиялық ретпен баяндалса да, материал кез келген тараудан бастап түсініп оқи беруге лайықталып, әрқайсысы жеке бітіммен құрастырылған. Жинақта әрқилы тарихи кезеңде өмір сүрген осы көрнекті философтардың қысқаша ғұмырнамасы да берілген. Сондай-ақ олардың шығармаларындағы негізгі тақырыптар да барынша қамтылған. Мәселс, Сократ пен Платон от пен күн туралы, Аристотельдің ақылды пайымдауын, Эпикур мен Зенонның жақсы өмірдің сыры жайында, Р. Декарттың жүйелі күмәндану-философиялық әдістің бір түрі ретінде қарастырғанын, Дж. Локк және Монтескьенің либерал мемлекет туралы көзқарастарын, Спиноза тұжырымын, Д. Юмның эмпирикалық растауын, неміс классикалық философиясының өкілі И. Канттың ақылға сын атты еңбегін, К. Маркстың тарих үдерісін, Ф. Ницшенің билікке құштарлығын, М. Хайдеггердің біз болмысты ұмыттық атты көзқарастарын, Жан-Поль Сартр экзистенциалистің азабы туралы пайымдауын, Жак Дерриданың нақты дүниені деконструкциялау туралы көзқарастары мен еңбектерін қарастырып, ұлы философтарды толғандырған мәселенің идеяларын түсініп, кітап мазмұнына сәйкес философияның не екенін емес, аталып өткен философтардың не істегенін, не туралы ойланғанын сипаттайды.

Аталмыш кітапта философияның бірыңғай қабылданған анықтамасы жоқ. Бұл кітаптан философтардың осы мәселеге қатысты және қандай оймен мысалдар келтіру арқылы жеткендігін көруге болады. Сонымен қоса, күнделікті күйбең тіршілікте философияның пайда болатындығын көрсетеді. Өмір мәнін, дұрыс пен бұрысты, саясат, билік жайында, ақыл-ой мен ғылым көзқарасын, және айта кетерлік жайт бізді қоршап тұрған дүние болмысымен оны қалай қабылдайтыны туралы дәйекті сөздер айтып, мейлінше әр философ өзінше шешкісі келгенін көруге болады.

